

## 2025-2027 жылдарға арналған Уәлиханов ауданы Көктерек ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының 2025 жылғы 6 мамырдағы № 7-30 с шешімі

**Ескерту. 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімнің 10-тармағымен.**

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 7-бабы 1-тармағы 4-тармақшасына, 85-бабы 3-тармағына, 91-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағына 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес Уәлиханов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2025-2027 жылдарға арналған Уәлиханов ауданы Көктерек ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2025 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 48 578 мың теңге;

салықтық түсімдер – 6 377,3 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 87,4 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

трансферттер түсімі – 42 113,3 мың теңге;

2) шығындар – 50 000,6 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге;

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге;

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1 422,6 мың теңге;

6) бюджетін мұнай емес тапшылығы (профициті) – - 1 422,6 мың теңге;

7) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1 422,6 мың теңге;

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1 422,6 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының 27.08.2025 № 11-33 с (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. 2025 жылға арналған Көктерек ауылдық округі бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес мына салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) егер осы Кодекстің 26-бабының 1) тармағының 2) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік кірістер органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жеке несиетші, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығы;

2) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ аумағындағы осы салық салу объектілері бойынша жеке тұлғаларға салынатын мүлік салығы;

3) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендердің жерлеріне салынатын жер салығы;

4) мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілген тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралы салығы;

5) бірыңғай жер салығы;

6) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

7) сыртқы (көрнекі) жарнаманы:

аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде;

елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастырғаны үшін төлемақы;

8) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ аумағындағы кең таралған пайдалы қазбаларға, жерасты суларына және емдік балшықтарға салынатын пайдалы қазбаларды өндіру салығы.

3. Ауылдық округ бюджетінің кірістері мына салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салатын айыппұлдар;

2) жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін кірістер:

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) заңды тұлғаларға қатысу үлесіне кірістер;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінің (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінің) мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін өзге де кірістер;

4) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетіне түсетін өзге де салықтық емес түсімдер.

4. Ауылдық округ бюджетінің кірістері негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

3) жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлемақы.

5. Аудандық бюджеттен берілетін трансферттер, республикалық бюджеттен берілетін трансфертер ауылдық округ бюджетіне түсетін трансферттер түсімдері болып табылады.

6. Ауылдық бюджетке аудандық бюджеттен берілетін бюджеттік субвенциялар 36 585 мың теңге сомасында қарастырылсын.

7. 2025 жылға арналған ауылдық бюджетте азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар

қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын арттыруға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер ескерілсін.

Көрсетілген нысаналы трансферттерді республикалық бюджеттен бөлу Уәлиханов ауданының Көктерек ауылдық округі әкімінің "Уәлиханов аудандық мәслихатының " Уәлиханов ауданының Көктерек ауылдық округінің 2025-2027 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" шешімін іске асыру туралы" шешімімен айқындалады.

8. 2025 жылға арналған ауылдық бюджетте аудандық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер, оның ішінде:

1) әкім аппаратын ұстауға;

2) Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Мортық ауылындағы асфальт жабыны бар автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған жобалық-сметалық ( техникалық) құжаттаманы түзету және аталған құжаттама бойынша мемлекеттік сараптамадан өткізуге.

Көрсетілген аудандық бюджеттен нысаналы трансферттерді бөлу Уәлиханов ауданы Көктерек ауылдық округі әкімінің "Уәлиханов ауданы Көктерек ауылдық округінің 2025-2027 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" Уәлиханов аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" шешімімен айқындалады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының 27.08.2025 № 11-33 с (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

8-1. 4-қосымшаға сәйкес аудандық бюджетте қаржылық жылдың басында 1 422,6 мың теңге сомасында қалыптасқан бюджеттік қаражаттың бос қалдықтары есебінен шығыстар қарастырылсын.

**Ескерту. Шешім 8-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының 27.08.2025 № 11-33 с (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

9. Уәлиханов аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы №7-25с "2025 -2027 жылдарға арналған Уәлиханов ауданы Көктерек ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

10. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Уәлиханов аудандық мәслихатының төрағасы

С. Сәниев

Уәлиханов аудандық мәслихатының

2025 жылғы 6 мамырдағы

№ 7-30 с шешіміне 1-қосымша

**2025 жылға арналған Уәлиханов ауданы Көктерек ауылдық округінің бюджеті**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының 27.08.2025 № 11-33 с (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

|  |  |  |
|--|--|--|
|  |  |  |
|--|--|--|

| Санаты |        |             | Атауы                                                               | Сомасы,<br>мың теңге |
|--------|--------|-------------|---------------------------------------------------------------------|----------------------|
|        | Сыныбы |             |                                                                     |                      |
|        |        | Кіші сыныбы |                                                                     |                      |
| 1      |        |             | 2                                                                   | 3                    |
|        |        |             | 1) Кірістер                                                         | 48578                |
| 1      |        |             | Салықтық түсімдер                                                   | 6377,3               |
|        | 01     |             | Табыс салығы                                                        | 620                  |
|        |        | 2           | Жеке табыс салығы                                                   | 620                  |
|        | 04     |             | Меншікке салынатын салықтар                                         | 3318,3               |
|        |        | 1           | Мүлікке салынатын салықтар                                          | 48                   |
|        |        | 3           | Жер салығы                                                          | 76                   |
|        |        | 4           | Көлік құралдарына салынатын салық                                   | 2226,3               |
|        |        | 5           | Брінғай жер салығы                                                  | 968                  |
|        | 05     |             | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар     | 2439                 |
|        |        | 3           | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 2439                 |
| 2      |        |             | Салықтық емес түсімдер                                              | 87,4                 |
|        | 01     |             | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер                              | 74                   |
|        |        | 5           | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер        | 74                   |
|        | 06     |             | Басқа да салықтық емес түсімдер                                     | 13,4                 |
|        |        | 1           | Басқа да салықтық емес түсімдер                                     | 13,4                 |
| 3      |        |             | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер                          | 0                    |
| 4      |        |             | Трансферттердің түсімдері                                           | 42113,3              |
|        |        |             | Мемлекеттік басқарудың жоғары                                       |                      |

|                   |                                     |            |                                                                                                           |                   |
|-------------------|-------------------------------------|------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|
|                   | 02                                  |            | тұрған органдарынан түсетін трансферттер                                                                  | 42113,3           |
|                   |                                     | 3          | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер                                         | 42113,3           |
| Функционалдық топ |                                     |            | Атауы                                                                                                     | Сомасы, мың теңге |
|                   | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі |            |                                                                                                           |                   |
|                   |                                     | Бағдарлама |                                                                                                           |                   |
| 1                 |                                     |            | 2                                                                                                         | 3                 |
|                   |                                     |            | 2) Шығындар                                                                                               | 50000,6           |
| 01                |                                     |            | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер                                                                     | 32251,2           |
|                   | 124                                 |            | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты                                    | 32251,2           |
|                   |                                     | 001        | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 32251,2           |
| 07                |                                     |            | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық                                                                          | 3512              |
|                   | 124                                 |            | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты                                    | 3512              |
|                   |                                     | 008        | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру                                                                  | 2627              |
|                   |                                     | 011        | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру                                                              | 885               |
| 08                |                                     |            | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік                                                          | 12077             |
|                   | 124                                 |            | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты                                    | 12077             |
|                   |                                     |            |                                                                                                           |                   |

|        |        |             |                                                                                                                            |                   |
|--------|--------|-------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|
|        |        | 006         | Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау                                                                          | 12077             |
| 12     |        |             | Көлік және коммуникация                                                                                                    | 760               |
|        | 124    |             | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты                                                     | 760               |
|        |        | 013         | Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 760               |
|        |        | 045         | Аудандық қалалардағы ауылдардағы , ауылдық округтердегі елді мекендердегі автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу   | 1400              |
| 15     |        |             | Трансферттер                                                                                                               | 0,4               |
|        | 124    |             | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты                                                     | 0,4               |
|        |        | 048         | Пайдаланылмаған ( то л ы қ пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару                                                | 0,4               |
|        |        |             | 3) Таза бюджеттік кредиттеу                                                                                                | 0                 |
|        |        |             | Бюджеттік кредиттер                                                                                                        | 0                 |
| Санаты |        |             | Атауы                                                                                                                      | Сомасы, мың теңге |
|        | Сыныбы |             |                                                                                                                            |                   |
|        |        | Кіші сыныбы |                                                                                                                            |                   |
| 5      |        |             | Бюджеттік кредиттерді өтеу                                                                                                 | 0                 |
|        | 01     |             | Бюджеттік кредиттерді өтеу                                                                                                 | 0                 |

|                   |                                     |             |                                                           |                   |
|-------------------|-------------------------------------|-------------|-----------------------------------------------------------|-------------------|
|                   |                                     | 1           | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 0                 |
|                   |                                     |             | 4) Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо         | 0                 |
|                   |                                     |             | Қаржы активтерін сатып алу                                | 0                 |
|                   |                                     |             | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер     | 0                 |
|                   |                                     |             | 5) Бюджет тапшылығы (профициті)                           | ( -1422,6         |
|                   |                                     |             | 6) Бюджетін мунайға қатысты емес тапшылығы (профициті):   | -1422,6           |
|                   |                                     |             | 7) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)  | ( 1422,6          |
| 7                 |                                     |             | Қарыздар түсімі                                           | 0                 |
|                   | 01                                  |             | Мемлекеттік ішкі қарыздар                                 | 0                 |
|                   |                                     | 2           | Қарыз алу келісім-шарттары                                | 0                 |
| Функционалдық топ |                                     |             | Атауы                                                     | Сомасы, мың теңге |
|                   | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі |             |                                                           |                   |
|                   |                                     | Бағдарлама  |                                                           |                   |
| 16                |                                     |             | Қарыздарды өтеу                                           | 0                 |
| Санаты            |                                     |             | Атауы                                                     | Сомасы, мың теңге |
|                   | Сыныбы                              |             |                                                           |                   |
|                   |                                     | Кіші сыныбы |                                                           |                   |
| 8                 |                                     |             | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары              | 1422,6            |
|                   | 01                                  |             | Бюджет қаражаты қалдықтары                                | 1422,6            |
|                   |                                     | 1           | Бюджет қаражатының бос қалдықтары                         | 1422,6            |

Уәлиханов аудандық мәслихатының  
2025 жылғы 6 мамырдағы  
№ 7-30 с шешіміне 2-қосымша

## 2026 жылға арналған Уәлиханов ауданы Көктерек ауылдық округінің бюджеті

| Санаты |        |             | Атауы                                                               | Сомасы,<br>мың теңге |
|--------|--------|-------------|---------------------------------------------------------------------|----------------------|
|        | Сыныбы |             |                                                                     |                      |
|        |        | Кіші сыныбы |                                                                     |                      |
| 1      |        |             | 2                                                                   | 3                    |
|        |        |             | 1) Кірістер                                                         | 51346                |
| 1      |        |             | Салықтық түсімдер                                                   | 6260                 |
|        | 01     |             | Табыс салығы                                                        | 654                  |
|        |        | 2           | Жеке табыс салығы                                                   | 654                  |
|        | 04     |             | Меншікке салынатын салықтар                                         | 3033                 |
|        |        | 1           | Мүлікке салынатын салықтар                                          | 51                   |
|        |        | 3           | Жер салығы                                                          | 80                   |
|        |        | 4           | Көлік құралдарына салынатын салық                                   | 1881                 |
|        |        | 5           | Брінғай жер салығы                                                  | 1021                 |
|        | 05     |             | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар     | 2573                 |
|        |        | 3           | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 2573                 |
| 2      |        |             | Салықтық емес түсімдер                                              | 78                   |
|        | 01     |             | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер                              | 78                   |
|        |        | 5           | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер        | 78                   |
| 3      |        |             | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер                          | 0                    |
| 4      |        |             | Трансферттердің түсімдері                                           | 45008                |
|        | 02     |             | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан                   | 45008                |

|                   |                                     |            |                                                                                                           |                   |
|-------------------|-------------------------------------|------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|
|                   |                                     |            | түсетін трансферттер                                                                                      |                   |
|                   |                                     | 3          | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер                                         | 45008             |
| Функционалдық топ |                                     |            | Атауы                                                                                                     | Сомасы, мың теңге |
|                   | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі |            |                                                                                                           |                   |
|                   |                                     | Бағдарлама |                                                                                                           |                   |
| 1                 |                                     |            | 2                                                                                                         | 3                 |
|                   |                                     |            | 2) Шығындар                                                                                               | 51346             |
| 01                |                                     |            | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер                                                                     | 33113             |
|                   | 124                                 |            | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты                                    | 33113             |
|                   |                                     | 001        | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 33113             |
| 07                |                                     |            | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық                                                                          | 3072              |
|                   | 124                                 |            | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты                                    | 3072              |
